

Монғолия Президентінің 1998 жылғы наурыздағы Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 17 маусымдағы N 550а

Монғолия Президентінің 1998 жылғы наурыздағы Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-монғол ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Монғолияның Президенті Н.Багабандидың 1998 жылғы наурыздағы Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі шаралардың жоспары бекітілсін (қоса беріліп о т ы р) .

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар Шаралардың

жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты іс-шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде жарты жылда бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының орындалу барысы туралы хабарласын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 17 маусымдағы
N 550а қаулысымен
бекітілген

Монғолияның Президенті Н.Багабандидің 1998 жылғы наурыздағы
Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында қол
жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру
жөніндегі шаралардың
Жоспары

Шаралар	Тапсырманың мазмұны
1	2

Қол қойылған құжаттардың іске асырылуына бақылау жасау:

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Монғолия Үкіметінің арасындағы Қос салық салуды болдырмау, табыстар мен капиталға салынатын салықты төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы келісім	Атқарылуы туралы ақпарат
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Монғолия Үкіметінің арасындағы Кеден істеріндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісім	
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Монғолия Үкіметінің арасындағы Мал дәрігерлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім	
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Монғолия Үкіметінің арасындағы Өсімдіктер карантині саласындағы ынтымақтастық туралы келісім	
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Монғолия Үкіметінің арасындағы Айналадағы ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім	
Қол жеткізілген уағдаластықты іске асыру	
Монғолиядан Қазақстанға тұрақты тұруға көшіп келуге тілек білдірген ұлты қазақ адамдардың азаматтығы мәселелері	Нақты ұсыныстар әзірлеу

"Балқашмыс" АҚ "Эрдэнэт" БК берешектерін|Схемасы мен кестесін
өтеу |әзірлеу

Сауда-экономикалық ынтымақтастық |Күн тәртібін жасау,
жөніндегі үкіметаралық екіжақты |комиссияның қазақстандық
комиссиясының кезекті мәжілісін өтізу |бөлігінің құрамын және
|Уланбааторда мәжілісті
|өткізудің мерзімін белгілеу

Қазақстанның оқу орындарында оқу үшін |Квоталарды мамандықтардың
Монғолияның азаматтарына квотаны ұлғайту|тұрғысынан келісу

Қазақстан Республикасының Президенті |1999 жылдың жоспарына
Н.Ә.Назарбаевтың Монғолияға сапары |енгізе отырып мерзімдері
|мен бағдарламасын пысықтау

жалғасы:

Атқару мерзімі |Атқаруға жауаптылар

3 | 4

Жарты жылда 1 рет |Сыртқыісмині (жиынтық), Қаржымині

|Қаржминінің Кеден комитеті

|Ауылшармині

|Бұл да

|Экология және табиғи ресурсмині

1998 жылдың 1 шілдесіне |Сыртқыісмині, Ішкіісмині, Көші-қон
дейін |және демография жөніндегі агенттік

1998 жылдың 1 шілдесіне |Қаржымині, Энергетика, индустрия
дейін |және саудамині

1998 жылдың 1 шілдесіне дейін	Энергетика, индустрия және саудамині, Әділетмині, Сыртқыісмині
----------------------------------	--

1998 жылдың 1 маусымына дейін	Білім, мәдениет және денсаулық сақтаумині
----------------------------------	---

1998 жылдың IV тоқсаны	Сыртқыісмині
------------------------	--------------
